

#34-35

(970-971)
10 қараша
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫДА ҚАЙЫР БАР

2021 ЖЫЛДАН БАСТАП БЮДЖЕТ ПЕН КВАЗИСЕКТОРҒА ІРІ КӨЛЕМДЕ МҮЛІК
АКТИВТЕРІ МЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚАЙТАРЫЛДЫ

(СТЕҢГЕГЕ ШАҚҚАНДА)

БАРЛЫҒЫ
857 МЛРД

ШЕТЕЛДЕН
159,8
МЛРД:

АВСТРИЯ –
36,3 МЛРД

ЛИХТЕНШТЕЙН
116,7 МЛРД

БАӘ
6,3 МЛРД

ТҮРКИЯ
253 МЛН

ЖОЛ
БЕРІЛМЕГЕН
ШЫҒЫН
38 МЛРД

БИЗНЕС
СУБЪЕКТІСІНЕ
КӨМЕК
24 000

ШЕШІМІН
ТАПҚАН КЕЙС
550

Дереккөзі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

▼ BRENT \$80.52

▼ USD 470 T

▼ EUR 501 T

▼ RUB 4,97 T

БІЗДІҢ ЕЛІМІЗ БЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ЕКІЖАҚТЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 27 МЛРД ДОЛЛАРҒА ЖЕТТІ. РЕСЕЙДЕН ТІКЕЛЕЙ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ 20 МЛРД ДОЛЛАРДАН АСТЫ. ЕЛІМІЗДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ШЕТЕЛДІК ҮЛЕСІ БАР 42 МЫҢНАН АСТАМ КӘСІПОРЫННЫҢ ЖАРТЫСЫНА ЖУЫҒЫ, ЯҒНИ 19 МЫҢЫ – РЕСЕЙЛІК КОМПАНИЯЛАР.

БҰЛ – РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИННИҢ ЕЛІМІЗГЕ РЕСМИ САПАРЫ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН КӨП МАҒЛҰМАТТЫҢ КІШКЕНТАЙ БІР БӨЛІГІ ҒАНА.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ТАТУ КӨРШІЛІК ЖӘНЕ ОДАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ РЕСМИ САПАРЫНЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША. МҰНЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ДА БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН БРИФИНГТЕ АЙТЫП ӨТТІ.

**Қасым-Жомарт
ТОҚАЕВ,**
Қазақстан
Президенті:

«Ресей Қазақстанның ірі сауда-экономикалық серіктесі мәртебесін сенімді түрде сақтап келеді. Соңғы үш жылда елдеріміз арасындағы өзара сауда көлемі 30 пайыздан астам өсті. Былтыр тауар айналымы, Қазақстан статистикасы бойынша, 27 млрд долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Биыл да оң динамика сақталып отыр. Сегіз айдың қорытындысы бойынша сауда-саттық көлемі 17 млрд долларға жетті. Жалпы өзара тауар айналымын одан әрі арттыру үшін зор мүмкіндік бар. Осы орайда екі елдің іскер топтары арасындағы байланыстардың айтарлықтай жанданғаны байқалады. Ресейлік компаниялар Қазақстан экономикасындағы жетекші инвесторлардың бестігіне кіреді. Олар жалпы 20 млрд доллардан астам инвестиция салды. Осы жылдың бірінші жарты жылдығында ғана Қазақстан экономикасына тартылған ресейлік инвестиция көлемі бір миллиард доллардан асты. Бұл өткен жылғы деңгейден 20 пайызға көп. Өз кезегінде Қазақстанның Ресейге салған инвестициясының көлемі 6 млрд долларға жетті. Бұл екіжақты процесс екені қуантады».

ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ



Фото: akorda.kz.

Владимир ПУТИН,
Ресей Президенті:

«Бүгінгі келіссөздер, шын мәнінде, іскерлік әрі конструктивті сипатта өтті және өте нәтижелі болды. Біз екіжақты қатынастар жөнінде жан-жақты пікір алмасып, министрліктер, ведомстволар және ірі компания басшыларының Ресей-Қазақстан ықпалдастығының негізгі бағыттары туралы баяндамаларын тыңдадық. Қол қойылған Бірлескен мәлімдемеде және қабылданған Қазақстан мен Ресейдің бірлескен іс-қимыл жоспарында жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан

әрі нығайтудың аса зор міндеттері айқындалды. Бұған осы күндері қол қойылған үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттар ықпал етеді. Онда саясат, қауіпсіздік, экономика, мәдени-гуманитарлық және ынтымақтастықтың басқа да көптеген бағыттары қамтылған. Сапар барысындағы бірлескен жұмысымыздың нәтижесі Ресей мен Қазақстан арасындағы көпжақты қатынастарды халықтарымыздың игілігі үшін одан әрі дамытуға ықпал ететіні сөзсіз».

Мемлекет басшысының айтуынша, Владимир Путинмен жүргізілген келіссөздер нәтижесі Қазақстан мен Ресей арасындағы тату көршілік және одақтастық байланыстарды жан-жақты нығайтуға екі тараптың да ниетті екенін растады.

ТАҢЕРТЕҢ КӨЗДІ ТЫРНАП АШҚАННАН ЖАҢАЛЫҚ ОҚИСЫҢ. СОНДА АЛДЫҢНАН АЛАЯҚҚА АЛДАНЫП ҚАЛҒАНДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ СОПАҢ ЕТІП ШЫҒА КЕЛЕДІ. КҮН САЙЫН! БҰЛ НЕ ДЕГЕН БІТПЕЙТІН ПӘЛЕ? ЖЕТІ БАСТЫ АЙДАҒАРДАН БЕТЕР: БАСЫН КЕССЕҢ, ОРНЫНА ТАҒЫ БІРЕУІ ӨСІП ШЫҒАДЫ.

Соларға соңғы тиынына дейін санап беретін аңқаулар ше? Біреу-міреу күштемей-ақ дорба-дорба ақшасын өздері ала жүгіреді ғой. Сосын «полиция не қарап отыр, дереу қайтарсын» деп байбалам салады.

Осы аптада Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаевтың Бас прокурор Берік Асылыққа депутаттық сауалы дәл осы алаяқтық мәселесін қозғайды. Депутаттың келтірген мәліметі ішек тартқызатындай емес, әрине. Алаяқтар туралы күнде жарияланатын көп жаңалықтың жиынтығы.

Мәселен, ол өткен жылы интернет-алаяқтықпен байланысты 20 444 дерек тіркеліп, 16,5 млрд теңгеге залал келгенін айтады. Биыл 15 мыңға жуық дерек тіркеліп, залал сомасы 11 млрд теңгеден асыпты.

«Олардың құрбаны – көбінесе үйде отырған аналар мен қыз-келіншектер. Интернет алаяқтықтың түр-түрі бар. Соңғы уақытта кеңінен етек жайып келе жатқан көріністің бірі – әлеуметтік желі арқылы «байер» деген атаумен Қытай, Түркия, АҚШ-тан арнайы арзан тауар жеткізушілер көбейді. Бірі елімізде тіркеліп, заңды жұмыс істесе, енді бірі халықты алдап жүр. Бұған дейін қаржы пирамидасымен интернет-алаяқтықтарға алданғандарды көп еститін едік. Қазір байытамын деген байерлерге барын берген қара халықтың базынасын да жиі естіп жүрміз», – дейді Д.Мұқаев. Әрмен қарай

Қытайдан арзан тауар, ыдыс-аяқ жіберемін деп талайды тақырға отырғызып кеткен бір келіншектің аты-жөнін жайып салады. Депутаттың айтуынша, қолында ақшаның сол адамға аударылғанын растайтын 3 пакет бар. Қара



БАЙЕРШЕ «БАЙЫТУ»

халықтың (?) оған жіберген қаржысы 30 млрд теңгеден асады екен. Қысқасы, Мәжіліс депутаты осы мәселені Бас прокурордың өз қолына алуын сұрайды.

Депутат айтқан «қара» халықты алдап кеткен әйел туралы сюжет осы аптаның басында КТК телеарнасынан көрсетілген болатын. Ботагөз Қасенова деген келіншек тұрмыстық техника, ыдыс-аяқ, жиһаз және тағы басқа ұсақ-түйектерге тапсырыс бергенін айтып шағымданды. «Уақытында әкеліп беремін деген сөзіне сеніп, біз де клиенттерге саудалай бастадық. Алаяққа алданып, өзге сатып алушыларға құр сурет сатқан болып тұрмыз. Тоғыз ай өтті, не тауар, не ақшаны қайтарған жоқ. Мен 40 миллионға тапсырыс берген едім», – дейді. Алматыда 500 әйел әлгі алаяққа алданған көрінеді.

Ал енді осы әйелдер неге алданып жүр? Олар соншалықты аңқау ма?

40 млн теңгені айдаладағы біреуге жібере салса, соншалықты «қара» емес-ау...

Интернет алаяқтықтан сақ болуға шақыратын мамандардың ең бірінші кеңесі «қандай да бір тауардың бағасын арзан етіп

көрсетсе, күмәндану керек» дегенге саяды. Мына оқиғада «Байқаңыз, алаяқ!» деген ескерту бадырайып тұр. Мәселен, сан соқтырған әлгі адам 200-250 мың тұратын тоңазытқыштарды ватсаптағы топта 50-70 мың теңге деп көрсеткен. Ал 150 мың болуы тиіс ыдыс-аяқтың бағасы 25-30 мың делінген. Сондай арзанға тауар алып, үстемесін қосып сатқысы келген қыз-қырқын әрмен қарай әлеуметтік желі арқылы өздері тарата бастаған. Ең соңында ақша да жоқ, тауар да жоқ.

Бұл аңқаулық па, әлде ашкөздік пе?

Ия, жұртты тақырға отырғызып кеткен алаяқ құрықталып, жауапқа тартылуы тиіс. Бірақ оның орнына ертең басқасы шығады. Өйткені аңқаулық пен ашкөздік қолтықтасқанда, алаяқтың қолы жүреді!

Наргүл МАТАЙ

АЛДАҒЫ 5 ЖЫЛДА ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС КҮШІ ҮШІН ЖЫЛ САЙЫН 100 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ ҚАЖЕТ БОЛАДЫ. АСТАНАДА ӨТКЕН «ӨЗГЕРІС ДӘУІРІНДЕГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ: СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІ СВЕТЛАНА ЖАҚЫПОВА ОСЫЛАЙ ДЕП МӘЛІМДЕДІ. МАМАНДАР БҰЛ РЕТТЕ «ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» (ТШО) КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕСІ БАСҚАЛАРҒА ҮЛГІ ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ.

Елордадағы жиында өз ойын ортаға салған «Теңізшевройл» ЖШС Бас директорының орынбасары Көңілқош Сүйесінов мәлім еткендей, 2018 жылдан бастап ККЖ-ҰЕҚБЖ Қабілеттерді дамыту және кәсіби-техникалық мамандықтарға оқыту тобы (Craft Training) «АПЕК Тренинг орталығын» NCCER



Фото: tengizchevroil.com



Көңілқош Сүйесінов

Фото: tengizchevroil.com

ТШО-НЫҢ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ ТӘЖІРИБЕСІ КӨПКЕ ОРТАҚ

Расында, компанияның Теңіз кенішіндегі Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасының (ККЖ-ҰЕҚБЖ) құрылыс жұмысының шарықтау кезеңінде шамамен 90 000 қазақстандық жұмысшы еңбек етті. Оның ішінде 36 500-ден астам қызметкер оқу-тәжірибеден өтіп,

қазақстандық және халықаралық стандарттар бойынша сертификат алды. Жаңа зауыттағы жұмысты аяқтаған мамандар өз білімі мен тәжірибесін Қазақстандағы және шетелдегі басқа жобаларда сәтті қолдануда.

ТШО-ның бұл саладағы тәжірибесін халықаралық ұйымдар

да оң бағалап отыр. Атап айтқанда, S&P Global халықаралық сараптамалық агенттігінің зерттеуіне сүйенсек, Теңіз кен орнын игеру ТШО-дағы әрбір жұмыс орнына ел экономикасында қосымша 41 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

(National center for construction education and research) халықаралық аккредитациясын алу үшін дайындық жүргізді. 2021 жылдан бастап ККЖ-ҰЕҚБЖ-да 3000-ға жуық жоба қызметкерінің тиімді топ/дала тобы (бригада) жетекшісінің дағдыларын дамытатын «Топты басқарудың негіздері» (CREW Leadership) курсы ашылды.

Теңіз кенішін игеріп жатқан ТШО-ның негізгі қызметінде қазақстандық жұмысшылардың үлесі 1993 жылы 50 пайыз болатын. Қазір бұл көрсеткіш 95 пайызға жеткен.

«Теңізшевройл» Атырау облысында орналасқан аса ірі Теңіз кенішін игеріп жатыр. Бірлескен кәсіпорын акцияларының 50 пайызы «Шеврон» компаниясына тиесілі.

Талап ТІЛЕГЕН



Фото: inbusiness.kz

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ (ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК, 2023 ЖЫЛ, ТЕҢГЕ)



МӘМС ЖАРНАЛАРЫ МЕН
АУДАРЫМДАРЫ
884,8 МЛРД



ЖҰМЫС БЕРУШІ
331,5 МЛРД

МЕМЛЕКЕТ
294,4 МЛРД



ЖҰМЫСКЕР,
ЖК, ӨЗІНЕ
ТӨЛЕУШІЛЕР
**257,6
МЛРД**

АУДАРЫМ МЕН
ЖАРНА ӨСІМПҰЛ
1,3 МЛРД

16,6 МЛН
АДАМ
САҚТАНДЫРЫЛҒАН



ӘМСҚ ЖҰМЫСЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ
ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫН
8,5 МЛРД

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРЖЫ

ТММКК
**1,067
ТРЛН**



МӘМС
**686
МЛРД**

12,5 МЛН АДАМҒА **1,75 ТРЛН** ТЕҢГЕГЕ **200,6 МЛН** МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

АЛМАТЫДА ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР «АҚНИЕТ» МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЕҢ ІРІ КӘСІПОДАҚТЫҢ АСТАНА, АЛМАТЫ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНДА, СОНДАЙ-АҚ 13 ОБЛЫСТА БӨЛІМШЕЛЕРІ БАР. БІЗ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ «АҚНИЕТ» КӘСІПОДАҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ АЛТЫН ДӘУІТОВАМЕН АРНАЙЫ СҰХБАТТАСЫП, КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ БҮГІНГІ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ЖАЙЫНДА СҰРАДЫҚ.

– Алтын Юсупқызы, ең алдымен «Ақниет» кәсіподақ ұйымының негізгі жұмысы жайлы айтып өтсеңіз.

– «Ақниет» кәсіподағы Алматы қаласы ғана емес, бүкіл республикалық кәсіподақтардың ішіндегі ең ірісі деп айта аламын. Құрамында 70 мыңнан астам медицина қызметкері бар. Алматыдағы отыздан астам ең үлкен медициналық мекеме бізге қарайды. Қазіргі таңда кәсіподақ ұйымының жұмысы жаңа деңгейге көтерілді. Кәсіподаққа түскен қаржының 60 пайызы мекемелердің өзіне қайтарылады, 40 пайызы бізде қалады. Ал осы 40 пайыздың 10 пайызы бізде резерв қоры ретінде жиналады. Бұл қордың мақсаты – оқыс немесе төтенше жағдайға ұшыраған медицина қызметкерлеріне қаржылай көмек беру. Мысал ретінде айтайын, ауыр науқасқа ұшып бара жатқанда, тікұшақ құлап, анестезиолог пен акушер гинеколог қаза болғаны естеріңізде болар. Сол кезде біз олардың отбасына кәсіподақ атынан 64 млн теңге көлемінде қаржылай көмек көрсеттік.

– Кәсіподақ ұйымы медицина қызметкерлері үшін қандай бағытта жұмыс істейді?

– «Ақниет» кәсіподағы бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейді. Алғашқы бағыт – біз еліміздегі халықаралық еңбек қоғамымен бірлесіп жұмыс жүргіземіз. Жақында ғана Алматы қаласына



АЛТЫН ДӘУІТОВА: КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ КЕРЕК!

12 мемлекеттің кәсіподақ ұйымының басшылары келіп, тәжірибе алмастық. Шетелдік мамандар біздің жұмысымызбен танысып, кәсіподақ атқарған іс-шаралармен танысты. Ғасырға толы тарихы бар кәсіподақты басқарғаным бір жылдан асты. Біздің кәсіподақтың басты мақсаты – медицина қызметкерлерінің деңгейін көтеру. Сондықтан да біздің жұмыс қазіргі таңда бағытын жан-жақты өзгертті. Біз Алматыдағы медицина колледжінде оқитын көп балалы

отбасыдан шыққан балалар мен әлеуметтік осал топтың балаларына стипендия береміз.

Негізі кәсіподақ ұйымының болғаны дұрыс. Өйткені бірлесіп, жұмыла бірігіп мәселелерді біріккен кезде кез келген түйіннің шешімін табуға болады. Өзім 27 жыл емхананың ішінде дәрігер болып жұмыс істедім. Одан кейін өзім жұмыс істеген мекеменің кәсіподақ ұйымын басқардым. Кәсіподақ жұмысы көбінесе байқала бермейді. Ұйымның екінші бағыты – медицина қызметкерлерінің құқығын қорғау. Соңғы кезде дәрігерлерді жәбірлеу фактілері көбейді. Қазір біздің кәсіподақта медицина қызметкерлерінің құқығын қорғайтын 18 қорғаушы бар. Олар – бүкіл медициналық барлық тақырыпты қамтып, тәжірибеден өткен қорғаушылар.



Біздің кәсіподаққа түрлі жағдайға ұшыраған дәрігерлер арыз-шағымдарын жазады. Кәсіподақ

қорғаушылары дәрігерлерге заң тұрғысынан барлық көмек көрсетеді. Бұрын, өздеріңіз білесіздер, ақ халатты жанды құрметтейтін. Дәрігер деген мамандық сыйлы болатын. Ал қазір дәрігерлерді қаралайтын оқиға көбейіп кетті. Сонымен қатар түрлі аурудың емін шетелден іздейтіндер



көбейді. Ал шындығында біздің елімізде де мықты мамандар бар. Денсаулығы сыр бергенде, бірден жедел жәрдемге жүгінеміз ғой. Міне, сол кезде алғашқы көмекті ұсынатындар дәрігерлер емес пе?

– Дәрігерлердің денсаулығын жақсарту бағытында кәсіподақ тарапынан қандай көмек қарастырылған?

– Елдің қамын ойлайтын дәрігерлердің кейбірі жұмыс деп жүріп өз денсаулығына мән бермейді. Сондықтан біз алматылық дәрігерлерді санаторийлерге, емдік-сауықтыру орталықтарына жібереміз. Біздің кәсіподақтың санаторийі Түргенде орналасқан. Онда дәрігерлерге емдік-сауықтыру қызметінің барлық түрі ұсынылады.

Келісімшарт бойынша Сарыағаш пен Бурабайдағы отбасылық демалыс орталығына жібереміз. Жазда біздің кәсіподақ мүшелері Алакөлде де демалады. Ал Алматыдағы «Горное солнце» жазғы лагерінде біздің кәсіподақ мүшелерінің балалары тегін демалады. Биылғы жазда 100-ден астам балаға жолдама берілді. Біздің кәсіподақ медицина қызметкерлеріне арналғандықтан, осы саладағы мамандардың жан-жақты дамуына үлес қосқымыз келеді. Тағы бір айта кететін жәйт, салауатты өмір салтын ұстануға баса мән береміз. Алматыдағы бірнеше медициналық мекеменің дәрігерлерінен құрылған командалар арасында футбол, волейбол сияқты спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырамыз. Пандемия бірігуімізге түрткі болды. Жұмыла жұмыс істеудің қадірін түсіндірді. Біз алдағы уақытта да медицина қызметкерлерінің мүддесін қорғау бағытындағы жұмыстарды атқара береміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

«ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ» ДЕГЕН ТӘМСІЛГЕ СҮЙЕНЕР БОЛСАҚ, НЕ НӘРСЕНІҢ ДЕ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ. ОСЫ БАҒЫТТА ЕЛІМІЗДЕ ЖОСПАРЛЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҚАДАУ-ҚАДАУ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА. ОНЫҢ БАСЫ-ҚАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ОРТАЛЫҒЫ ҰЙТҚЫ БОЛЫП ЖҮР.

Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің барлық контртеррористік қарарларын мүлтіксіз сақтайды, контртерроризм саласындағы барлық 19 әмбебап конвенциялар мен хаттамаларды ратификациялады. Сондай-ақ БҰҰ Жаһандық контртеррористік стратегиясын (ЖКТС) іске асыруға белсенді қатысады. 2022 жылғы наурызда Орталық Азияда ЖКТС іске асыру жөніндегі бірлескен іс-

Еуропалық Одақпен ынтымақтастық жүргізеді.

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы орталығының, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының қызметінде аймақтық ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымының терроризм мен экстремизмге қарсы күрес

Бұл орталық терроризмге қарсы тиімді іс-қимыл үшін қажетті және жеткілікті жағдай

жасау, қолдау және дамыту мақсатында, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының осы саладағы келісілген іс-қимылдарын қамтамасыз ету үшін терроризмге қарсы іс-қимылды үйлестіру саласындағы тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

Жалпыға аян, Қазақстан терроризмнің барлық нышандары мен көріністерін батыл айыптайды және осы саладағы халықаралық ынтымақтастыққа ерекше назар аударады. Халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылда жаһандық және өңірлік күш-жігерді біріктіруге жәрдемдесу Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат Тұжырымдамасындағы негізгі басымдықтардың бірі болып белгіленген.

Осы саладағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырушылық-құқықтық негізін 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары, сондай-ақ өзге де салалық нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ

қимыл жоспарының жаңартылған нұсқасы бекітілді, ол өңір елдері, шетелдік әріптестер мен донорлар арасындағы практикалық өзара іс-қимылда бағдар болады.

Қазақстан БҰҰ-ның Контртерроризм басқармасымен (КТБ), БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасымен (ЕКБ), БҰҰ Даму бағдарламасымен, БҰҰ-ның Орталық Азиядағы превентивтік дипломатия өңірлік орталығымен, Еуропалық Одақпен, ЕҚЫҰ-мен және басқа да әріптестермен нормативтік-құқықтық базаны және құқық қорғау органдарының кадрлық әлеуетін жетілдіруге бағытталған техникалық көмектің көпжақты бағдарламалары шеңберінде белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Арнайы және құқық қорғау органдары арасындағы тығыз ынтымақтастық ШЫҰ, ТМД және ҰҚШҰ аясында жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы бірлескен іс-шараларға белсене қатысады және халықаралық қоғамдастықпен ұйымдастырылатын халықаралық терроризмге қарсы күресу шараларын іске асыру мәселелері бойынша БҰҰ есірткі және қылмыс жөніндегі өңірлік өкілдігі басқармасымен, ЕҚЫҰ және



саласында қабылданған шараларға аса көңіл бөледі.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Терроризмге қарсы күрес жөніндегі республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және теңіздік жедел штабтары туралы Ережеге» сәйкес тиісті құрылымдар өздеріне жүктелген міндеттерді жүйелі түрде жүзеге асыруда.

Мысалы, жақында Терроризмге қарсы орталығының бөлімі Қостанай облыстық полиция департаментімен бірлесе отырып, қаладағы ірі сауда және ойын-сауық орталықтарының бірі «KostanayPlaza» мекемесінде профилактикалық іс-шара өткізді.

Онда терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша іс-шаралардың реттілігі түсіндірілді.

ұйымдастыру бойынша ұсыныстар, сонымен қатар оларды өткізу бойынша әдістемелік материалдар берілді.

Сонымен қатар, Қызылорда облыстық Терроризмге қарсы комиссиясының үшінші тоқсан бойынша кезекті отырысы өткізілді. Оған комиссия құрамына кіретін мемлекеттік органдардың басшылары, қала және аудан әкімдері, құқық қорғау органдарының өкілдері, әкімдіктің

Бұдан бөлек, өңірде терроризм профилактикасын жүргізудің тиімділігін арттыру мақсатындағы әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуы туралы мәселелер талқыланды. Кездесу соңында күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жайында бірқатар хаттамалық шешімдер қабылданып, өңірдегі діни ахуалды оңалтуға бағытталған тиісті шаралар қарастырылды.

Батыс Қазақстан облысында 379 мектепте лаңкестікке қарсы

ТЕГЕУРІНДІ ІС-ҚИМЫЛ



Сарапшылар қатысушыларға бұл процестің объектілерді заманауи инженерлік және қауіпсіздік техникасымен жарақтандыруды қамтитынын хабарлады. Қатысушыларға «Террорлық қауіп-қатер кезіндегі іс-әрекеттер туралы жадынама» тақырыбында презентация және «Жалған терроризм» бейне оқу құралы көрсетілді.

Іс-шараның соңында нысан қызметкерлерімен профилактикалық сабақтарды

басқарма басшылары, өзге де мүдделі тұлғалар қатысты.

Отырыс барысында, ақпараттық кеңістікте, соның ішінде интернетте діни экстремизм мен терроризмге қарсы насихаттауды жетілдіру жағдайы мен шаралары, туындаған проблемалар мен оларды шешу жолдарының жай-күйі қаралды. Сонымен қатар ұйымдастырылып жатқан шаралардың сапасы мен нәтижелілігі бойынша нақты шешімдер қабылданды.

оқу-жаттығулар өтті. Іс-шара барысында оқу орындарының әкімшілігі, оқытушылары мен оқушылары, сондай-ақ қауіпсіздік ұйымдары террористік қауіп төнген кезде әрекет етудің бастапқы алгоритмдерін әзірледі.

Биылғы қазан айының өзінде осындай бірқатар маңызды шаралардың атқарылғанын айта кету керек. Жалпы алғанда жыл сайын 600-ден астам терроризмге қарсы бағытталған оқу-жаттығулар өткізіледі.

Осы бағыттағы оқу-жаттығулар төмендегідей жіктеледі: халықаралық жаттығулар («Еуразия – Антитеррор-2023»), республикалық жедел-тактикалық жаттығулар («Найза – Антитеррор-2023»), аймақтық жедел-тактикалық жаттығулар, командалық-штабтық жаттығулар, жедел топтардың жеке жаттығулары, штабтарды шұғыл тексеру, құлақтандыру жүйелерін тексеру және т.б.

Аталған іс-шаралардың оң нәтижесі – күнделікті мамыражай тіршілік, ата-ананың алаңсыз көңілі, сәбидің риясыз күлкісі мен елдің ертеңгі күнге деген нық сенімі десек қателеспейміз.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,
әскери сарапшы



Әзиз НЕСИН

Банктің қолы береген. Үй, пәтер, ақша. Байлығың баянды. Сыйақы, жалақы. Жер – дүниені шарлау. Қысқасы, жаныңа не керек, бәрін береді. Не бермейді десеңші одан да. Қашанғы былай жүресің? Жүз лира тап та, банкке апарып сал. Жолың тар, түк шықпады делік. Ештеңе жоғалтпайсың. Ақшаң сол ақша. Құрығанда үстемесі бар.

Қу дүние-ай. Қанша жыл өтсе де, сол жүз лираны түгендеп, банкке апара алмадым. Тістеніп, тірнектеп

Одан кейін лағып кеттім. Мың он мыңға айналады. Он мың жүз мың болады. Жүз мың – жүз миллион!

Нөлдерді көгендеп тізіп тастадым. Тас қараңғыда оларды үш-үштен бөліп санаймын. Жүз миллион, бір миллиард, он миллиард...

Иә, пенденің құрығынан ешнәрсе құтылмайды.

Газет-жорнал миллионерлердің өмірін бұрыннан жазатын. Небір миллионер шығып, миллионың уақ ақша боп қалды. Мен әуелі миллионер болам. Сосын миллиардер. Сосын триллионер... Бұған дейін мына жалғанда триллионер болған ба? Жоқ... Ендеше мен триллионер болам. Миллионер, миллиардер болу әкемнің қолынан да келеді. Гәп триллионер болуда. Түһ, триллион! Бірдің қасында... Есебіне жете алмай жатырмын. Саусағыммен қараңғыда «бірді» жаздым. Содан кейін жанына

Күн шығып келеді. Жалма-жан қолымды жастықтың астына сүңгіттім. Жүз лирам аман-есен. Жанұшырып банкке жөнелдім. Банк түгілі, базар да ашылмаған мезгіл. Есіктің алдында тұрмын. Бір таныс кездесті.

– Әй, неғып тұрсың? Саған не болған?

– Жай, әшейін. Ештеме.

– Көзің қызарып, өңің қашып кетіпті ғой.

– Түнде ұйықтамадым. Жұмыс істедім.

Банкке ақша салғанымды көрмесін деп танысымды үйтіп-бүйтіп шығарып салдым. Банк ашылды. Имене ішке кірдім. Құдай сақтасын, қандай керемет! Не деген салтанат! Жайнаған гүл, қыпша бел құмыралар. Әдемі қыз-келіншек, шыттай киінген еркектер. Төбеде жарқ-жұрқ еткен аспалы шам. Сарайға кірдім деп ойладым.

ЖАСАСЫН ЖОҚШЫЛЫҚ!

жинаймын. Сексенге жетеді, тоқсанға толады. Жүзге жақындап қалғанда, әйтеуір бір қырсық шалады. Әп-сәтте желге ұшып кетеді...

Бұл пәлелер «мына бейбақтың қалтасына бармайық, жүз лираны желкесінің шұқыры көрсін» деп өзара келісіп алғандай. Олар да ерегісті, мен де қоймадым. Үйтіп-бүйтіп жүз лираны жинадым-ау! Жан-жаққа шашырап кете ме деп, тағы қорқам. Дереву банкке сап тастайын дегем. Бірақ сол күні үлгермедім, ақшаның үйі жабылып қапты.

Көңілім нілдей бұзылды. Ақша саусақтарымының арасынан сусып кететіндей. Түк көрмегендік қой. Қолым дірілдеп жастықтың астына тықтым. Төсекке қисайдым. Ал енді ұйықтасамшы. Жүз лирам бар... Өзімді қамшылап қоям. Бұйырған кетпейді. Адам бірдеңеге ұмтылса, дегеніне жетеді. Кері кеткенге, сылтау көп. Жаппайі қымбатшылық, күнкөріс қиын деп күңкілдейміз. Бәрі бекер. Қарашы, жүз лираны жинадым ғой. Қаласам, мың лираға да жеткізем, он мыңға да...

нөлдерді әкеп тізе бастадым. Бір нөл, екі нөл, үш нөл... бес нөл... он нөл, он бір... он екі, тура он екі нөл. Ал екінің қасында болсашы? Екі триллион... Астыңғы жағы нөл. Қолымды көрпенің астынан шығарып, саусағыммен қараңғыда тағы бір дөңгелек сыздым. Сонымен үш жүз триллион болды. Нөлдер жарнама шамы сияқты қараңғыда ілініп тұр. Қайсыбірі тайып түсіп, қашып барады. Оңбағандарды ұстап, орнына қайта әкелемін. Тағы да қашады. Қайырып алам. Бізге айтпаушы ма еді «ақша табу оңай, ұстап тұру қиын» деп. Шынымен солай екен. Нөлдер бір түрлі ұстатпайды. Ұсақталып, жоқ боп кетеді. Жарайды, не істесе, оны істесін. Менен құтыла алмас. Бай боламын деп өзіме сөз берген жоқпын ба?..

Төсектен тұрып, темекі тарттым. Масаттанып нөлдеріме қараймын. Жарайсыңдар! Бәрі піскен жаңғақ сияқты. Жас сұлулардың ерніне, төсіне, иығына, беліне де ұқсап кетеді. Бай болу деген рахат екен ғой...

Шамамен 20 шақты қызметкері бар. Сәнді жиһаз. Жүрегім су ете қалды. Сонда мұндағылар менің салған ақшаммен күн көретін болғаны ғой. Мынау заңғар ғимарат менің ақшаммен, мынау қымбат бұйымдар менің ақшаммен, жазу мәшинкесі, ақша есептегіш, бәрі менің ақшаммен... Олай болмайды... Ақшаны мен берейін, игілігін басқалар көрсін...

– Хош келдіңіз, мырза. Не бұйымтайыңыз бар?

Неткен сыпайы жандар еді, бұл банкирлер. Мынадай қошеметен кейін кері бұрылып кете алмадым. Ақшамды бердім. Жүзі жайдары қызметкер шаруамды екі минутта бітірді. Банк кітапшасына қоса, сыйлыққа қойын дәптерін берді. Жұмыстағылар мені көріп:

– Ұйықтап тұрсың ғой, – деп қоймайды. Ешқайсына қарамадым. Түс әлетінде бір жолдасым «Ал, кеттік асханаға» деді. «Қарным тоқ» – деп құтылдым.

Таңертең оразамды ашпағам. Кешқұрым тіске басар бірдеме таптым, әйтеуір. Түнімен

ұйықтамағам, төсекке жата кеттім. Басым жастыққа тиер-тимес әлгі нөлдер қайтып келді. Түндегі санақты қайта жалғастырдым. Әуеде жанған көбелек секілді бір нөл ұшып жүр. Айналып келіп жүздің қасына қонды. Мың болды, он мың, жүз мың, миллион... Нөлдер, нөлдер... Саусағымды қимылдатып жіберіп, тағы бір нөл жаздым. Сосын оларға «Тоқтаңдар!» – деп әмір берем. Мынадай бейберекетсіздік маған ұнамайды. Өмірде бәрі ретімен тұруы тиіс. Әр нөл өзінің орнына барсын. Марш, марш!

Нөлдер қорыққанан дірілдеп орнына жүгіреді. Қолбасшы сияқты нөлдеріме әмір беремін.

– Сап түзе!

Нөлдер тізіле қалады.

– Алға бас! Марш! Бір, екі! Бір, екі!

– Бір, екі, үш, төрт, мың, жүз мың, миллион!..

Нөлдерге он минуттық үзіліс жариялаймын.

– Рахмет! – деп жамырайды.

Нөлдерге әмір берумен таңды атырдым. Тәлтіректеп үйден шықтым. Аяғым банкке қарай тартып тұр. Құдды, банк банкротқа ұшырайтын сияқты. Біреулер ақшамды иемденіп алатындай...

Кешқұрым нан мен ірімшікті талғажау еттім. Ұйқы қысып барады. Ерте жаттым. Көзімді жұмсам да, ашсам да болмайды. Нөлдер қараңғыда ойнақ салып жүр.

Банк сыйақысына бір үй алдым. Ол үйдің ақшасын алдын ала алдым да, бес жылға жалға бердім. Өзім арзандау бір жерде тұрамын. Ойыма сарт ете түсті. Мен неге бұл үйге 120 лира беремін? Обал емес пе. Таңертең дереу арзандау жерге көшем. Қаланың шетінде 20 лираға бір бөлме табылады. Сонда айына 100 лира жанымда қалады. Оны банкке салам. Жылына 1200 лира. Он жылда 12 000! Жүз жылда – 120 мың. Ақшаны ауадан осылай жасайды...

Сөйтіп таңды атырдым. Банктің қасынан өттім. Жұмыстағылар менімен бұрынғыдай шүйіркелеспейді. Өздері білсін. Оларға шай, кофе әперуден құтылдым. Тіпті жақсы. Сүйіктім телефон соқты. Дауысымды өзгертіп, «Бүгін келген жоқ» дедім.

Өзіне үйленейін деп жүргем. Енді одан айныдым. Банкке ақша салғалы оны көргім келмейді. Үйлену қып-қызыл шығын емес пе?..

Кірпігім кірпігіме жабысып, әзер шыдап отырмын. Басымды қағаздың үстіне қойып, ұйықтауға кірісіп едім, нөлдер варьете қыздары секілді көлбеңдеп тұра қалды. Енді ұйықтау қайда? Ұйықтататын дәрі алғым келген. Жолдастарымның бірінде бар екен. Маған жаны ашып берді. Құрғыр дәрі де дәрменсіз.

... Сол түні шылқыған бай боп шыға келдім. Содан кейін тақырға отырдым ғой. Бүкіл миллиардтар бір жаққа ұшып кетті. Жұтқа ұшыраған миллионерлердің дәстүрімен өзіме қол жұмсай жаздадым. Абырой болғанда, банктегі жүз лирам есіме түсіп, райымнан қайттым. Қайтадан байыдым. Байығаным сонша, жер бетіндегі бүкіл ақшаны жинадым. Жасамаған жақсылық қалмады. Тілшілер келіп, менен сұхбат алуда.

– Қалай байыдыңыз? Жетістіктің құпиясы неде?

Мұндайда шындықты айта ма?

– Еңбек етуде. Бес тиынсыз бастағам.

Баспасөз мәслихатындамын. Сосын мүсәпір-міскінді жарылқаймын. Өзім еңбегін қанап, езіп-жаншыған байғұстың балаларына мейрамда шұлық таратып жатыр екем. Дімкәс жұмысшыға күніне бір бума пияз беремін. Жері маған бұйырған ауылдағы бишараға уыс-уыс топырақ таратан. Не керек, жасамаған жақсылылығым қалмады. Мені көрген жұрт «неткен жомарт жан» деп жамырап береді.

Бұл түнді қайырымдылық жасаумен өткіздім. Аштықтан, ұйқы азабынан тәлтіректеп тұрмын. Банкке тарттым. Кітапшаны қызметкердің алдына тастадым.

– Жүз лирамды бер! – дедім.

– Түгел аласыз ба? – деп сұрады.

– Бәрін, бәрін, – деп айқайлады.

– Жетер енді! Сүйіктімнен, досымнан



айрылдым. Адамгершіліктен жұрдай болдым. Денсаулығымнан, бақытымнан айрылдым. Құдай ұрсын! Қайдан ғана сол ақшаға...

Жүйкем әбден жұқарған, өзімді ұстай алар емеспін. Банктің бүкіл қызметкері мені қаумалап, жұбатуға тырысты. «Берейік, мырза, берейік» десті.

Ақшамды алдым. Қалтамда тағы 80 лирам бар. Мейрамханаға жүгірдім. – Ананы бер, мынаны бер! Әпкел бермен оны да...

Тамақтан соң ең қымбат қонақ үйге... Үш күн, үш түн ұйықтаппын. О-о, жарық дүние, бар екенсің ғой!... Ақшамды түгел шаштым.

Байдың тартқан азабын ойлаймын да, өз халіме шүкірлік етемін. Пәтшағарлар, ұйқысы қашып, аштықтан, талан-тараж қаупінен, ұры-қарыдан қорқып, қандай күйзеліске түсетінін мен жақсы білемін. Жасасын, жоқшылық!..

**Түрік тілінен аударған
Срайыл МАҚАТҰЛЫ**

(Arda журналы, №1, наурыз 2014 жыл)

**ЕУРОПА ҒАРЫШ АГЕНТТІГІ БИЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕ
ҰШЫРҒАН ТЕЛЕСКОП ҒАЛАМ КЕҢІСТІГІНЕН
АЛҒАШҚЫ СУРЕТТЕРДІ ЖІБЕРЕ БАСТАДЫ.**

ҒАРЫШТАН ЖЕТКЕН СУРЕТТЕР

Бұл суреттер Independent басылымында жарық көрді.

Телескоп аспан кеңістігінің 95 пайызын құрайтын тылсым материяны зерттеу мақсатында ұшырылды. 1,4 млрд еуро қаржы жұмсалған жобаның қандай нәтиже беретінін ешкім болжай алмайды. Дегенмен профессор Марк Кроппер: «Біз ғалам тұңғышына бойлай алмасақ та, мына бейнелерге қол жеткіздік. Енді оны компьютерде зерттей аламыз. Бұған небәрі 1,4 млрд еуро жұмсалды. Керемет емес пе?» – дейді.

«Евклид» телескопы алты жыл бойы аспан кеңістігіндегі 8 млрд галактиканы бақылайды.



Фото: «Ат басы» тұмандығы, ESA



Фото: Персей шоғыры, ESA



Фото: NGC 6822 галактикасы, ESA



Фото: IC 342 Жираф шоқжұлдызындағы спиральді галактика, ESA



Фото: NGC 6397 жұлдыз шоғыры, ESA

Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші
Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)